

А. Х. Азаматова

ЛИНГВИСТИКА МЕТАТІЛІНІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Метатіл (грек. *meta* – арқылы, кейін) – «екінші қатардағы» тіл, метатілге табиғи адамзат тілі “тіл-нысан”, яғни тілдік зерттеу пәні болып саналады. *Метатіл* термині бастапқыда математика мен логикада формаланған тіл мағынасында пайда болды, оның көмегімен сәйкес пәндік теорияның қасиеттері зерттелді. Метатіл металингвистиканың («екінші қатардағы» тіл туралы ғылым) «зерттеу пәні болып табылады» [1, 297].

Метатілдің лингвистикалық мәртебесі, оның табиғи тіл түрлерінің функционалды жүйесіндегі орны мен маңызы жөнінде айтпас бұрын ғылыми білімнің осы саласында қабылданған терминология туралы бірер сөз айту қажет. Металингвистиканың өзіне және метатіл теориясына қатысты негізгі ұғымдар арасында толық терминологиялық бірлік байқалмайды. Мысалы, тіл-нысанды атайтын ұзақ синонимдік терминологиялық қатар бар және ол мынадай терминологиялық бірліктермен беріледі: тіл-нысан, нысанды тіл, заттық тіл, суреттейтін тіл, талдайтын тіл, нақты тіл, жалпы тіл, табиғи тіл. Осы қатармен салыстыруға болатын немесе оған қарама-қарсы қоятын, тілдің басқаша бағдарланған, ерекше түрі есебіндегі метатілді атайтын терминология мынадай терминдермен берілген: метатіл, бейнелеу тілі, формалды тіл, түрленген тіл, функциялы тіл, жасанды тіл, нышанды тіл, кодты тіл, көмекші тіл.

Лингвистиканың, басқа кез келген ғылыми пән сияқты, өзінің дамуының белгілі бір кезеңінде метатілге мұқтаж болуының себебі, өзінің эволюция барысында оның жинақтаған ғылыми білімі кемелденудің белгілі бір сатысына жеткенде белгілік жүйені, өзін-өзі сипаттау тілін іздейді.

Қазіргі тіл білімінде метатіл «екінші қатардағы» тіл, яғни «тіл-нысан жөнінде айтатын, басқа тілдің мазмұны мен мазмұндауы оның объектісі болып табылатын тіл» есебінде түсіндіріледі [2, 232].

Бірақ терминжүйе және метатіл түсініктері тепе-тең емес. Тіл туралы ғылымның ішіндегі қандай да бір лингвистикалық теория немесе бағыттың метатілі (п-метатіл немесе метадialeкт) репрезентация процесі кезінде пайдаланатын негізгі құралы болып *терминология* табылады және ол осы берілген теория немесе бағыт аумағында құралады. Онымен қатар, п-

метатіл құрылымын жасаушы номинативті кластар үштігіне мыналар кіреді: *жалпығылыми лексика* және ол ғылымның әр түрлі салаларында олардың кәсіби бағдарына қатыссыз пайдаланылатын жалпы лексикалық пласт болып табылады; *номенклатуралық белгілер (номендер)* (нақты тілдік нысандарды атау үшін қолданылатын арнаулы атаулар), олар қандай да бір жалпы тілде тіркелетін және берілген лингвистикалық теория ішінде оқытылатын тілдік құбылыстармен және фактілермен байланысты байқатады.

Тіл білімінің метатілі, негізінде, әр түрлі лингвистикалардың метатілдерінің жиынтығы болып табылады. Тіл біліміндегі заңдылықтар толқынында пайда болған және бүгін пайда болып жатқан лингвистикалық бағыттардың санын беру айтарлықтай қиын. Бұл көлемді тізім ішінде интерлингвистика, антропологиялық лингвистика, генеративтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, компьютерлік (есептеуші, машиналық, инженерлік) лингвистика, нейролингвистика, психоллингвистика, прагмалингвистика, мәтін лингвистикасы, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика және т.б. бар.

Осылардың әрқайсысының ішінде көптеген жолдары бар, сондықтан да, мысалы, мәтін лингвистикалары, прагмалингвистикалар, психоллингвистикалар және тағы басқа біртұтас қатарлар жөнінде айтуға тура келеді. Жолдардың және көзғарастардың әртүрлілігі лингвистикадағы әр бағыттың ішінде өз метатілінің құрылуына міндетті түрде әкеліп соғады.

Тіл білімінің метатілі көбінде тіл-нысан секілді сол бірліктердің негізінде құрылады, яғни онымен бірегей (ұқсас) арақатынаста, тіл-нысанмен сәйкес болып табылады (дегенмен метатілдің формалану жағдайы да белгілі, мысалы, “семантикалық метатіл”). Табиғи тілдің сипаттау тілі болатын метатіл сонымен қатар тілдің табиғи бөлігі болып саналады. Тіл білімі мен тіл-нысан метатілінің материалдық табиғатының бірлігі олардың сәйкесетіндігін көрсетпейді. Қандай да бір табиғи тілді тарихи-генетикалық немесе құрылымды-жүйелік тұрғыдан зерттеу тіл туралы ғылымның пәнін құрайды, ал метатілдік жүйенің – терминдер (ұғымдар мен атаулар) жинағын құрастыру тілдік зерттеулердің соңғы кезеңі болып табылады.

Тіл білімінің метатілі күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан, терминдер арасындағы жүйелі қатынастар жатса, екінші жағынан, жалпы ғылыми лексика, яғни тілдік зерттеулердің әр түрлі қырларын сипаттауда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері жатыр. Метатіл ғылыми қатынас құралы ретінде сәйкес метасөйлеуде қолданылады, яғни қандай да бір тіл-нысан қасиеттерін зерттеушілердің, ғалымдардың қарым-қатынасында жүзеге асырылатын сөйлеу түрінде болады. Метатіл мен метасөйлеудің өзара әрекеті лексикографиялық құралдар құрастыру принциптерінде көрініс табады, қандай да бір терминнің қолданылуын көрсететін метасөйлеу үзінділері сөздік мақалаларына енгізіледі. Мысалы, «*мағына*» термині метасөйлеудегі оның жүзеге асырылуын бейнелейтін бірқатар сөз тіркестерімен сипатталады: «*тілдік мағына*», «*ауыспалылық мағынасы*», «*сөз мағынасы*» және т.б.

Терминнің мазмұны белгілі бір метатілдік жүйе бірлігі ретінде сөйлеуде нақты қолданылуымен толық ашыла түспек. Мысалы, «сөз тіркесі» деген терминді алсақ (мүшеленген бірегей ұғымды білдіретін екі немесе одан да көп атаулы сөздердің бірігуі), «сөз тіркестерінің лексика-фразеологиялық белгілері», «сөз тіркестерінің социолингвистикалық айқындылығы», «сөз тіркестерінің тұжырымдамалық толыққандылығы» секілді метасөйлеу тіркестері сөз тіркестерін берілген грамматикалық құрылым ретінде ғана емес, сондай-ақ лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара әрекеті көрініс табатын күрделі құбылыс ретінде зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Метатілді зерттеуде жекелеген ғылыми бағыттар арасындағы гносеологиялық қондырғыларда айырмашылықтар айқын көрінеді. Сондықтан мағынасы жағынан жақын сөздердің өзі де берілген дүниетанымның жалпы жүйесінде олардың мәнін түсінуден тәуелсіз қолданыла алмайды.

Тіл білімінде сәйкес метатілде бекітілген ұғымдар жүйесінің белгілі бір әдіснамалық бағдары болады, яғни әдіснамалық тұрғыдан айқындалған болып шығады. Ғылыми дефиницияны қарастыруда аталмыш зерттеу бағытының философиялық (әдіснамалық) негіздеріне сәйкес әр түрлі түсінілетін сол бір терминнің айтылуында айырмашылықтар анықталуы мүмкін. Мүмкін, фонема – «сөздер мен морфемалардың дыбыстық қабықшасын ажыратуға қабілетті дыбыстық тілді білдіру жүйесінің қысқаша бірлігі», (мәскеу фонологиялық мектебі); «дифференциялық белгілердің бумасы»

(прага фонологиялық мектебі); «дыбыстар семьясы» (ағылшын фонетикалық дәстүрі); «функциялар желісінің қиылысу нүктесі» (гlossenематика) және т.б.

Тіл білімінде берілген ғылыми саланың әдеттегі нысандар мен арнайы ұғымдарды білдіру үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы лингвистикалық терминология деп аталады. Лингвистикалық терминология – лингвистика метатілінің ажырамас және негізгі бөлігі. Лингвистиканың негізгі ерекшелігі метатіл мен нысана тілдің сәйкесуі болып табылады. Лингвистикалық терминология аумағында нақты тілдік жүйе элементтерінің атауы – лингвистикалық номенклатура жатыр. Мысалы, *жұрнақ* – бұл термин, *кішірейту жұрнағы* – бұл да термин, ал орыс тілінің *-ушк-* кішірейту жұрнағы – бұл номен. Номендердің саны барлық тілдерде өте көп. Лингвистика метатілінде терминдер мен номендердің арасындағы шекара шартты болады. Лингвистикалық терминологияның сыртында этнонимдерге үйлесетін тілдер мен диалектілердің атауы – лингвонимдер жатыр. Олар терминдер секілді лингвистика метатілі ретінде қарастырыла отырып, функциялары бойынша жалқы есімдерге жақын келеді.

Метатіл (сипаттау тілі) өзін сипаттайтын тілден (тіл-нысаннан) айыруға мүмкіндік беретін ерекше онтологиялық сипаттамалар қатарына ие, нақты айтқанда: жүйелік, құрылымның тұлғалылығы (формалылығы), жасандылық, құрылым элементтерінің бір маңыздылығы, функционалдық бағытты шектілігі, эталондық, абстрактылық, әмбебаптық және жеткіліктілік, ашықтылық, детерминділік, көптүрлілік (өзгермелілік), сабақтастық, біркелкілік (конвенционалдык), әлеуметтік ұлттық бағыт-бағдарлылық, психологиялық, графика құралдарымен белгіленгендік (тіркелгендік). Лингвистика метатілінің аталған ерекшеліктері өз ретінде эталон құрайды, олармен қандай да бір нақты сала немесе тіл білімі бағыты терминжүйелерінің белгілерін салыстыруға болады. Осы терминжүйелердің қалыптасу деңгейі оларда жоғарыда келтірілген метатіл белгілерінің қалай жүзеге асуымен анықталады.

Осы проблема бойынша лингвистикалық әдибиетті талдау табиғи тілді сипаттауға арналған құрал есебіндегі лингвистика метатілінің төмендегі өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Метатілдің жүйелігі. Метатіл тәуелсіз құрылым есебінде қарастырылады, оның элементтері де тәуелсіз, бірақ бір бірімен бай-

ланысты. Метатіл элементтері реттілігімен әрі біріккендігімен сипатталады және бірыңғай концептуалды тұтас болып табылады. Шын мәнінде, метатіл терминдер жүйесі есебінде тұрғызылады, оның үстіне осы жүйе қатаң болған сайын сол жүйені қолданатын пән де соғұрлым ғылыми болады. Метатілдің осы ерекшелігінен сипаттау тіліндегі ұғымдар жүйесінің бірлігіне қойылатын талап туындайды.

Метатіл құрылымының тұлғалылығы конвенционалды, жасанды таңбалық жүйе есебінде түсініледі және оның көмегімен қоршаған болмыс феномендері түсіндіріледі [3, 51-52; 4, 297]. В.Н.Ярцева тілдің тұлғалануының екі түрлі сипатын белгілеп кетеді: «бір жағынан, бұл – формалды және сондықтан шарасыз қарапайым (нақтыланбаған) сызба тіліне жатқызу, екінші жағынан – тілді оның кез-келген деңгейінде бір мағыналы сипаттап беретін қарапайым (күрделі емес) символдар (операторлар) мен рәсімдердің кейбір минимумын құру мақсатында сөз тұлғасы, сөзтіркес тұлғасы, сөйлем түрі сияқты лингвистикалық ұғымдарды жинақтап қорытындылаудан туындайтын абстракцияларды пайдалану» [5, 196].

Метатілдің жасандылығы логикалық-математикалық моделдерге негізделетін таңбалық жүйелер белгілері есебінде қарастырылады және салыстырмалы категория болып саналады, себебі метатілдің қарама-қайшылыққа келмеуге және ішкі жетілгендікке ұмтылуынан көрінеді. Бұл, әдетте барлық ақпараттық жүйелерге, соның ішінде табиғи тілдің базасында немесе оны есепке алған жүйелерге тән.

Метатіл құрылымы элементтерінің бір маңыздылығы құрылымдағы берілген элементтің орнымен анықталатын дәл, қандай да бір жеке нақты тілдік құбылысқа қосылатын анықтама немесе сипаттама («мағынасы») беру қажеттілігімен ескертіледі.

Метатілдің шекті функционалды бағыттылығы, себебі метатіл белгілі әрі шектеулі мақсаттарды орындауға бейімделген және «нақты» тілдердің іске асыратын жан-жақты әрі аса (төтенше) жауапты функцияларын орындай алмайды.

Метатілдің эталондығы, талдаудың сол немесе онан басқа түрінің мақсаттары үшін арнайы жасалған «белгілер және ережелер жүйесінің» өте жақсы сипатымен білінеді. Бұл ерекшелік, шынында, салыстырмалы сипатта болады, себебі идеалдылық (өте жақсылық) нышан ретінде адамның өзіне белгілі ұғымдар

жүйесіне сүйене отырып жасаған бір де бір металдік құрылымына тән емес.

Абстрактылық, жалпы метатілдің өзіне, сонымен қатар, оның құрылымының жеке элементтеріне қатысты. Лингвистика метатілдеріне қандай да бір ғылымның метатілін құрайтын терминологияға сияқты абстрактылықтың жоғары дәрежесі тән. Лингвистикалық терминологияның абстрактылығы терминжүйе бірліктерін идеалдауға негізделеді, себебі олардың мағынасының денотативтік қабаты практика жүзінде бос және адам санасында нақты бейнелермен өзара қатынаста жоқ.

Метатілдің әмбебаптығы және жеткіліктілігі, өзі негізінен қолданыс табатын лингвистикалық бағыт шеңберінде қаралады. Метатілдің бұл қасиеті оның жетілгендігінің ең үлкен дәрежесімен, «икемділігінің жеткіліктілігімен және айту құралдарының әртүрлілігімен» айқындалады. Бұл берілген уақыт аралығында тіл білімінің сәйкес бөлімінде оған сипатталу тілі есебінде қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін қажет.

Метатілдің ашықтылығы. Шын мәнісінде метатілдің өзі ұғымдардың ашық жүйесі болып табылады, себебі, табиғи тіл есебінде өзі бейнелейтін ақиқаттық элементтермен тығыз байланыстың арқасында элементтердің «жабық» жүйесіне жатқызуға келмейді, оның сипаттау тілін де бірліктердің тек жабық (немесе толық формаландырылған) қатары есебінде көрсету мүмкін емес.

Метатілдің детерминдігі, ол ғылыми талдау объектісі бола алатын табиғи тілдің кез келген феномені қандай да бір түрде сипатталуға (сол метатілдің терминдерімен) тиісті екендігімен көрінеді. Сипатталғаннан соң тіл-нысанның құбылыстары онтологиялық дәрежеге ие болады және осы жағынан алғанда өзінен басқа затпен салыстыруға болмайды.

Метатілдің көптүрлілігі (өзгермелілігі) мынаған негізделеді: метатіл, өз мәнінде, тіл-нысанның сол берілген немесе басқа құбылыстарын бекітуге бағытталған ережелер жиынтығының бірі бола отырып, қолданушылар тарапынан үнемі ережелердің өзін оңтайландыруға талпыныс жасалып отырады. Метатілді оңтайландыру әрдайым болып отырады, себебі табиғи тіл туралы көзқарас, ой-пікірлер үнемі өзгеруде, ал ол ғылыми сөз қолдануға әсерін тигізіп отырады.

Метатілдің сабақтастығы (біркелкілігі, конвенционалдығы) біртұтас терминологияға сүйене отырып, нақты тілдік құбылысты сипат-

тау кезінде жасалатын лингвистикалық амалдар ретінің негізі есебінде қабылданады және ол терминология сол немесе басқа лингвистикалық бағыттың, лингвистикалық мектептің және тағы басқалар аумағында бұрынғы еңбектерде пайдаланылады.

Метатілдің әлеуметтік-ұлттық бағыт-бағдарлылығы. Метатілдің осы белгісі жоғарыда сипатталған сабақтастық немесе конвенционалдық сияқты ерекшеліктерімен тікелей байланысты және код алмастыруға немесе код арқылы алмастыруға (code-switching) негізделеді. Ол теория бойынша «индивид» кодтардың біршама жиынтығына (репертуарына) ие есебінде сипатталуы мүмкін және сол кодтардың әрқайсысы салалар жиынтығы контекстінде рольдік қатынастардың жиынтығына сәйкес болады. Кодтық алмастыру бір лингвистикалық мектеп немесе бағыт аясында лингвистердің әр түрлі метадиалектілерді қолдануы арқылы, сонымен қатар әртүрлі отандық және – кеңінен алғанда – ұлттық лингвистикалық мектептер өкілдерінің өзара қатынасуы арқылы жүзеге асырылады.

Метатілдің психологиялылығы метатіл ғалымның жеке өзінің дүниетанымымен, оның айналасындағы болмыс жөніндегі оның өзінің түсініктер жүйесін, оның методологиялық ұстанымын бейнелеп көрсететіндігіне негізделеді.

Себебі қандай болса да метатілдік белгілеулерді (терминдерді) таңдап алу сәйкес методологияны көрсетеді.

Графика құралдарымен белгіленгендік (тіркелгендік). Тілдің ерекше түрі есебіндегі кезкелген метатілдің терминологиясы жазбаша түрде бекітілуі тиіс. Жазбаша көрсетудің бірінші түрі ғылыми-теориялық лингвистикалық жұмыстардағы, екіншісі – лексикографиялық әдебиеттер мен оқулықтардағы метатілдердің тіркелгендігін шамалайды.

1. Гвишиани Н.Б. Метаязык // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990.
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. 2-е изд., стереотип. – М.: Эдиториал УРСС, 2004.
3. Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию. – М.: Изд-во МГУ, 1962.
4. Гвишиани Н.Б. К вопросу о метаязыке лингвистики // Вопросы языкознания. – М., 1983. – № 2.
5. Ярцева В.Н. Научно-техническая революция и развитие языка // Научно-техническая революция и функционирование языков мира. – М.: Наука, 1977.

Статья посвящена анализу метаязыка лингвистики как языка «второго порядка», объектом которого является содержание и выражение другого языка.

The article defines the notion of the meta-language and analyzes the meta-language of linguistics as a «second-order» language, i.e. the language having the content and expression of another language as its object.

А. Х. Азаматова

К ВОПРОСУ О ТИПАХ АНТОНИМИЧЕСКИХ ОППОЗИЦИЙ В ТЕРМИНОЛОГИИ

Говоря об антонимической противоположности терминов, ученые берут за основу логическую противопоставленность научных понятий и считают, что в самой природе научных понятий содержатся предпосылки для создания антонимических оппозиций. В частности, В.П.Даниленко цитирует А.М.Деборина, полагающего, что «понятия рождаются парами», и Кеннета Форда, утверждающего, что «в природе у каждой частицы есть своя античастица» [1, 79-80].

Таким образом, с одной стороны, специфика антонимии делает возможным распространение этого явления и на сферу терминологии, с другой стороны, явление антонимии в терминологии вызвано самой природой научных знаний. Наука,

как отражение определенной экстралингвистической реальности, оперирует противоположными понятиями.

Кроме того, предрасположенность терминологии к выражению антонимических отношений согласуется с некоторыми свойственными ей особенностями языкового плана. В силу требований, предъявляемых к единицам терминосистемы, они должны обладать неизменным и ясно осознаваемым вне контекста значением, что является также благоприятным условием для проявления антонимии в терминологии. Лингвистическая терминология, формирующая стержень метаязыка лингвистики, представляет собой четко структурированный единый термино-